**Хаттама №3**

Бүгін, яғни 17 маусым 2024 жылы Баршақұм орта мектебінде қамқоршылық кеңестің жиналысы болып өтті.

**Күн тәртібі:**

1. «Бала біздің болашағымыз!» ата- ана жауапкершілігі
Жазғы демалыс кезіндегі ата- ана жауапкершілігі мен міндеттері туралы талқылау.«Позитивті ата- ана міндетін дамыту» сұхбаттасу
2. Мектеп оқушыларын қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне ұсыну.

**Тыңдалды:**

1.ДТІЖО: Т. Мейрман күн тәртібіндегі мәселе бойынша, ата- аналардың жауапкершілігі мен міндеттері туралы таныстырды және бала қауіпсіздігіне байланысты ережелермен таныстырды. Ата- аналарғы бала бойына жағымды әрекеттерді сіңіруге ықпал жасау, жағымсыз әдеттерден аулақ болуына бағыт – бағдар беру ата- ана міндеті екені туралы таныстырып, «Позитивті ата- ана міндеті» туралы сұхбат жүргізді.
2. Қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне жолдама бойынша жартылай жетім отбасының 2 оқушысы ұсынылып отырғаны туралы ақпарат берілді. Олар: Тілегенов Айсұлтан 7- сынып оқушысы, оқу озаты және Мұхамбетова Аяулым 7- сынып оқушысы.

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеушілер:**

**1. Төлепов М (кәсіпкер) –** Күн тәртібіндегі мәселелермен танысып отырмыз. Бала біздің болашағымыз! Жазғы демалыс кезіндегі балалардың өмір қаукіпсіздігіне ата-аналар жауакершілікпен қараумыз қажет. Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, жақсы әдетке жақын жүруге тәрбиелеу әрбір ата- ананың міндеті деп ойлаймын. Ата-аналарды позитивті болуға шақырамын. Жолдама бойынша ұсынылып отырған 2 оқушыға қарсылығым жоқ. Жақсы демалып келсін.

**2. Азиев (ата-ана) –** Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылап отырмыз. Оқушы мектеп ережесіне бағыну қажет. Әрбір оқушы өзіне қажет немесе қызығатын бір нәрсемен айналысқан дұрыс. Оқушының уақытын тиімді пайдалануға ықпал етеді. Ата - ана баласына көңіл бөліп, накты немен айналысып жүргеніне мән беруіміз қажет. Жолдама бойынша ұсынылған оқушылар да өте орынды. Бала тәрбиесіне, денсаулығына, өмір қауіпсіздігіне мән беруіміз қажет.

**3. Амантурлина Ж(кітапханашы ) –** Жазғы демалыс кезінде оқушыларды кітап оқуға шақырамын, ата- аналар балалардың кітапханаға келіп, кітап оқуына ықпал етсін, еңбек етуге тарту қажет. Үй шаруасына, ата- анаға көмектесу, өзінің туған ауылына қамқорлық жасау. Мұның бәрі тәрбие. Балаларымызды су, өрт қауіпсіздігі туралы ақпараттармен таныстырып, сақтандырып отыруымыз қажет.

**Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай, талқылай келе қамқоршылық кеңес қаулы етеді:**

1. Оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі өмір қауіпсіздігін сақтап, демалыстың қызықты өтуіне жағдай жасау әрбір ата- ананың міндеті деп саналсын.
2. Қала сыртындағы лагерге жолдама бойынша 7- сынып оқушылары Тілегенов Айсұлтан мен Мұхамбетова Аяулым ұсынылсын.

Жиналыс төрағасы: Сыдықов Қ

Хатшы: Т.М. Мейрман